

Тәуелсіз елдің ұстазы

Мырзабекова Акмарал Алтынхановна
"Байзақ ауданының білім бөлімінің
Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы" КММ
"Жас натуралист" үйірмесінің жетекшісі

Биыл – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл. Тәуелсіз елдің ұстазы болу үлкен мақтаныш пен абырой.

Қазақстан Республикасы – еңсесі биік, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кірген, барлық дамыған мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас орнатқан терезесі тең, керегесі кең егеменді мемлекет.

30 жыл ішінде Қазақстанның білім беру жүйесінде белең өзгерістер орын алды, айта кетсек соңғы жылдары педагогтық қызметтің елде ең құрметті де сыйлы мамандыққа айналуына бағытталған іс-шаралар әзірленді, мұғалімнің имиджін жақсартуға күш салынды, шет елдермен теңдесе алатын жоғары деңгейде білім беретін оқу орындары мен зияткерлік мектептер ашылып, оқушылардың білім алуына қажетті заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Тәуелсіздіктің арқасында жетістіктерге жеткен оқу орындарының ендігі бар міндеті – ғылым мен техниканың дамыған заманында келешек ұрпақтың бәсекеге қабілетті болып өсуіне ықпал етіп, тек алға, жаңа белестерге жетелеу болып табылады. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Еліміздің ертеңі - бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында»

демекші, ұрпақ тәрбиесі ұстаздан бастау алатыны белгілі. Өйткені әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуі, бәсекеге қабілетті саналы тұлғаны қалыптастыруы тек қана ұстаздың берген білімімен бағаланады.

Бүгінгі таңда заманына сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан - жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастырып тәрбиелеу мемлекеттің ең маңызды стратегиясы ретінде мұғалімдер қауымына үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр.

Ұстаз – ең ұлы әрі қызықты мамандық. Ұстаз атауы кім - кімнің де болса жанына жақын, өзгеше ыстық. Баламен жұмыс жасау – ұстаз үшін үлкен ғанибет. Себебі, балаларға жаңа білім беріп қана қоймай өздері жаңа ақпараттарды іздеуге, табуға, ашуға ұмтылады.

Ұстаздар қауымы жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, балалардың қоғамдық бірлестіктерін дамыту бағытындағы міндеттерді орындау жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Қазіргі таңда ұзақ жылдардан бері үздіксіз еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі ұстаздардан тәлім

алған жас мамандар да өз жұмыстарына асқан жауапкершілікпен қарап, кәсіби тұрғыдан шындалу мақсатында аянбай ізденуде. Жыл сайын жас мамандар арасында түрлі байқаулар өткізілуінің арқасында олар өздерін шығармашылық жағынан жан-жақты дамытып, шындала түсуде.

Ұстаздар оқушылардың дарындылық қабілеттерін жан-жақты дамыту бағытындағы зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Оқушылардың түрлі олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысып, мақалалар жариялау арқылы білімдерін жетілдіруі ұстаздар қауымы үшін жетістік болып есептеледі.

Жыл санап мұғалімдердің жаңа технологияларды меңгеру, ғылыми-ақпараттық коммуникациялық желілерді бағындыру белсенділігі арта түсуде. Мұғалім өзінің кәсіби шеберлігін өзгеден үйреніп, өзінде дамыта отырып, өзгемен озық тәжірибесін бөліскенде ғана өседі, дамиды. Осы бағытта білім беру ұйымдары мен шығармашылық орталықтарда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгеру, заман талабына сай білім беру үшін арнайы оқыту семинарлары мен курстар, шеберлік сабақтар мен түрлі тақырыптағы коучингтер ұйымдастырылып өткізілуде.

Заманауи мұғалім – ақпарат әлемінде адаспайтын, ақпаратты дұрыс пайдалана алатын, оны өңдеп, ұсына алатын ұстаз, сабақтары жалықтырмайтын және әртүрлі әрекеттерге, қызыққа толы болуы керек. Бұл адам эрудитті және әртүрлі субъективті пікірлерді қабылдай алатын, сонымен қатар зерттеуші және экспериментатор болуы керек. Бүгінгі мұғалімнің бойында балаларға деген сүйіспеншілік, қажымас қайрат, шыдамдылық пен табандылық, жауапкершілік сезімі, сүйікті ісіңізге берілгендік, сымбатты келбет, әзіл-оспақ, бай қиял, еңбекқорлық, оптимизм, патриотизм, шығармашылық ойлау секілді қасиеттер болуы керек. Шығармашылық ойлау арқылы ұстаз өзінің кәсіби деңгейін ары қарай шыңдаудың жолдарын іздеп, жаңашылдыққа ұмтылады, оқытудың жаңа әдіс - тәсілдерін ойлап табады. Ал білім беру барысында заманауи технологияларды басшылыққа ала отырып, ақпараттық жүйелер мен презентацияларды, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану жалпы сабақтың белсенділігін арттырады, оқушылардың білімін жетілдіріп, ой – өрісін дамытады. Ғұлама ғалым Әл -

Фараби өзінің «Логикаға кіріспе» деп аталатын трактатында логика өнері сананы әркез қастерлеуден сақтандыратынына, дұрыс ойлауға бастайтын заттардан тұратындығына тоқталып, олар саналы қорытынды жасауда адастырмайтындығын айтқан. Осыған орай, оқыту процесі барысында оқушыларға логикалық ойындар ойнату олардың ойлау қабілетін жақсартып, білімін шыңдайды.

Бәсекеге қабілетті мұғалім өзінің шеберлігін үнемі арттырып отырады, өзінің жетістіктері мен кемшіліктері жайлы өзіндік бағасы бар, әлсіз тұстарын жетілдіру үшін озық тәжірибені шығармашылықпен қолдану, педагогикалық жаңалықтар көшінен қалмай, үнемі ізденісте болады. Өйткені мұғалім өзін - өзі шығармашылықпен дамытуға үйрету қазіргі жаңаша білім берудің тірегі болып саналады. Қорытындылай келе, білім беру ұйымдарының педагогтары өскелең ұрпаққа жан-жақты терең білім беру, ұлттық құндылықтарымызды бағалауға тәрбиелеу міндеттерін өздерінің абыройлы парызы деп түсініп, парыз биігінен көріну үшін қажымай еңбек етуді мақсат тұтады. «Екіншінің еңбегі

жинап алған өнімінен көрінсе, мұғалім еңбегінің нәтижесі оқушының білім деңгейімен өлшенеді», – деп ұлы педагог Ы.Алтынсарин айтқандай, мұғалім еңбегінің жемісі – шәкірттерінің қол жеткен табыстары болып табылады. Дегенмен ұстаздар қол жеткен табыстарымен тоқталып қалмайды. Табыс бір жағы ұстаздар үшін мәртебе болса, бір жағы – жүктелген өте үлкен жауапкершілік.

Тәуелсіз еліміздің болашағы білікті де білімді жастардың қолында десек, сол жастарды мектеп табалдырығынан бастап дайындау ұстаздардың қолында. Тәуелсіз елдің ұстаздары, болашақта өрісі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтар өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой - пікірмен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие беруі қажет. «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деп ұлы ақын Абай айтқандай, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруда шәкірт бойына білімді сіңіру – әрбір ұстаздың міндеті. Өйткені, ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды.